Бекітемін:
Мектеп директорының м.а:
Г.В.Хохрякова.
«__»______________

**Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің 2024-2025 оқу жылының 3.02-12.02 аралығындағы «Сөз өнері» онкүндігіне арналған жоспар**

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Сынып | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Апталықтың ашылуы. «Бір кәмпит -бір жауап» атты тәтті викторина.** | Фойеде Мектептегі мұғалімдерге | 3.02<br>7.45-8,30 | **Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері -**Фойені безендіру **Есетова А.М.,Сейіл А.С.-**Тәтті викторинаны жүргізу Оркестр,музыкаға жауапты-**Бейбітхан Е.Б.** |
| 2 | Интеллектуалдық ойын « Менің –қазақ тілім» | 9 «а,б,в»<br>1 ауысым<br>Мәжіліс залы | 3.02<br>12-25-13.10 | **Аскарова А.К.,Каримова Д.Д.** |
| 3 | «Сәкен Сейфулиннің 130-жылдығына » арналған сурет көрмесі. «Көкшетау» өлеңіне. | 2-4<br>1-2 қабатта | 4.02 | Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері **Каирбаева Д.Т.,Итемген А.Т** |
| 4 | «Орманды аймақ» | 4"А"<br>2 ауысым<br>3 сабақ | 04.02<br>16:20-17.05 | **Итемген А.Т.** |
| 5 | «Тәуелсіздік символы-ұлттық теңге» | 5"Б"<br>2 ауысым<br>4 сабақ | 04.02<br>17:15-18:00 | **БейбітханЕ.Б.** |
| 6 | «Қазақтың әншілік өнері» | 7"А"<br>1 ауысым<br>1 сабақ | 04.02<br>8:00-8:45 | **Сейіл А.С.** |
| 7 | «Сәкен Сейфулиннің 130-жылдығына » арналған мәнерлеп оқу сайысы | 5-6<br>2ауысым<br>Мәжіліс залы | 05.02 | Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері **Бейбітхан Е.Б.,Тажина Д.Б., Жанибекова Б.Е.** |
| 8 | "Тәуелсіз елдің астанасы" | 5"В"<br>2 ауысым<br>1 сабақ | 06.02<br>14.30-15.15 | **Тажина Н.С.** |
| 9 | «Қазақтың тұңғыш дикторы» | 10«А»<br>1ауысым<br>2 сабақ | 07.02<br>8.55-9.40 | **Жанибекова Б.Е.** |
| 10 | "Дина күй шертеді" | 3«А»<br>2 ауысым<br>1 сабақ | 07.02<br>14.30-15.15 | **Каирбаева Д.Т.** |
| 11 | « Абай-ұлы ақын» | 3 «А»<br>2 ауысым<br>3сабақ | 07.02<br>16.20-17.05 | **Тажина Д.Б.** |
| 12 | "Ана құшағы" | 11«А»<br>1ауысым | 11.02<br>13.15-14.00 | **Есетова А.М.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 7 сабақ | | |
| 13 | Интеллектуалдық ойын «XXI ғасыр- көшбасшысы» | 7-8 1ауысым Мәжіліс залы | 11.02 | Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері **Есетова А.М.,Сейіл А.С., Каримова Д.Д.** |
| 14 | «Сәкен Сейфулиннің 130-жылдығына » арналған әдеби кеш. Апталықтың жабылуы,марапаттау . | 9,10,11 1ауысым Мәжіліс залы | 12.02 | Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері **Тажина Н.С.,Аскарова А.К.,Каримова Д.Д.** |

**Ә/Б жетекшісі:** Каримова Каримова Д.Д.

**Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің онкүндігі туралы 2024-2025 оқу жылына арналған ақпараты**

Астрахан ауылының № 2 жалпы орта білім беретін мектебінде жоспар бойынша 3 ақпан мен 12 ақпан аралығында «Сөз өнері» атты қазақ тілі мен әдебиет онкүндігі өтті.Осыған орай қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Сейіл А.С шақыру бейнежазбасын жасады.




**Инстаграммға сілтеме:**
https://www.instagram.com/reel/DFki6PEM5Yp/?igsh=MnQ0cTU3OXo0ZHNt

Осыған орай қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімдері мен барлық буын оқушылары белсенді қатысты.

Осының нәтижесінде 3 ақпанда безендірілген мектеп фойесінде қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері,домбыра әуенімен онкүндіктің ашылуын «Бір кәмпит -бір жауап» атты тәтті викторина арқылы ашты.



**Инстаграммға сілтеме:**
https://www.instagram.com/p/DFmh6UvsQbk/?igsh=aWh3YmFpN3h0Ym80

Қазақ тілі мен әдебиет онкүндігінің 3 ақпан күні, 9 сыныптардың «Арыстан», «Құдіретті», «Бәйтерек »командаларының арасында « Менің –қазақ тілім» атты зияткерлік ойыны өткізілді,мұғалімдері Аскарова А.К.,Каримова Д.Д.

**Мақсаты:** Оқушыларға мемлекеттік тілді сүюге, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, дәстүрлері болатыны ой- санасына жеткізу. Жұрт алдында еркін ауызекі сөйлеуге баулу. Оқушылардың білімдері мен біліктіліктері арқылы ой - өрістерін дамыту, Ұшқырлық , ойлау қабілеттерін шыңдау. Шапшаңдық пен нақтылыққа,тапқырлыққа бейімдеу. Осы ойында

оқушылар өз дүниетанымын көрсете білді. Сұрақтар қазақ тілі мен әдебиет,математика,география,математика,химия пәннің материалынан құрастырылды.

Нәтижесінде «Бәйтерек» командасы-1 орынға , «Құдіретті» командасы-2 орынға, «Арыстан» командасы»-3 орынға иеленіп,марапаттау рәсімімен аяқталды.











**Инстаграммға сілтеме:**
https://www.instagram.com/p/DFol5ucIGIH/?igsh=b2RmcjAxZmY1dGNs

4 ақпанда , 2-4 сынып оқушылары арасында Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған сурет көрмесі өтті. Жауаптылар:қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері және ұйымдастырып өткізген Итемген А.Т., Каирбаева Д.Т.Көрме Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының негізінде өткізілді. **Сурет көрмесінің мақсаты:** Сурет өнерін қазақ әдебиетімен ұштастыру арқылы,балалардың ой-қиялын жетілдіру.Поэмадан үзінді оқи отырып,елестетіп,қағаз бетіне Көкшетаудың көз тоймас табиғатын түсіре алуын дамыту.Сәкен Сейфуллиннің шығармаларымен таныстыру.
Сәкен Сейфуллин – мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы, Қазақстан жазушылар одағының негізін қалаушы. Қырғыз АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы (1920-1925 жж.) (Премьер-Министр), қазақ тарихында өзіндік орны бар көрнекті тұлға. Поэманы оқып отырғанда Сәкеннің негізгі ойы — Көкшенің көркем табиғатын жырлау болғандығын байқау қиын емес. Ол қандай уақиғаны әңгімелесе де Көкшетаудың табиғат байлығымен, көлінің, тауының әсем көріністерімен байланыстырып, соған меңзей отырады. Кейде ол өзінше тауға, шыңға, көлге портрет, мінездеме береді.
**Қорытындылай келе**: Сурет салуда белсене қатысқан оқушыларға ұйымдастырушылар өз ризашылығын білдіріп, мадақтамалармен марапаттады.Бас жүлде,1,2,3 орын алған оқушылар мақтау қағаздарымен қоса,тәтті сыйлықтармен марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DF0qaM2Mb3t/?igsh=MW4xN3dxeWduMHR2eQ==
4 ақпанда , Бейбітхан Е.Б. 5 «Б»сыныбында «Тәуелсіздік символы –ұлттық теңге» атты ашық сабақ өткізді.

**Сабақ мақсаттары:**Сөйлесім әрекетінің негізінде оқушылардың ұлттық теңге жайлы ақпараттық ұғымын қалыптастыру; Жаңа тақырып бойынша әртүрлі тілдік тапсырмалар орындату негізінде ақпараттық-танымдық құзыреттілігін дамыту; Қазақ тіліндегі тілдік құрылымдар арқылы патриоттық тәрбие беру.
Сабақ басында оқушының дайындығы ескерілді:
-оқушылардың сабаққа ынтасы, белсенділігі;
-білімі дайындығы;
-жан-жақтылығы, логикалы ой-дәрежесі;
-практикалық, өз бетімен жұмыс істеу қабілеті;
-тәртібі мәдениеті, киіну мәдениеті;
-оқу-құралдарының сапасы.
Сабақ басы шаттық шеңбермен басталды. Ұйымдастыру сәті өткізілді. Суреттер арқылы, сабақтың тақырыбын жалғастырды. Сабақтың мақсатымен таныстырыП, жаңа сөздерді еске алды. Екі топқа бөлініп топтық жұмысқа кірісті. Сонымен қатар, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары орындалды. Оқушылар берілген тапсырмалармен топтық, жұптық, жеке жұмыстарды орындай алды. Көрнекіліктер ішінде презентация, ақ қағаз, маркер, стикер, үлестірмелі карточкалар қолданылды. Өз жұмыстарын қорғау барысында, сөздік қорлары дамыды. Тән дыбыстардың дұрыс айтылуын, жазылуын қадағалап отырдым. Әр тапсырма уақытпен шектелді. Сұрақ-жауап әдіс-тәсілдері арқылы, оқушының ойлау қабілеті дамыды, білімдерін саралап, тиімді әрекеттер жасай білді. Ұйымдастырылған тапсырмалардың барлығы, оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді, әр оқушы жұмысын орындай арқылы бағалау критерийлері арқылы бағаланып отырды. Қойылған міндеттер орындалып, сабақ өз мақсатына жетті. Ашық сабаққа қатысқан әр оқушы бағаланып, мадақталды, кері байланыс жасалды.



**Инстаграммға сілтеме:**
https://www.instagram.com/reel/DFqFhl0s6Rz/?igsh=NHY4aTU3YWQ5MnF1
4 ақпанда, Сейіл А С. 7 «А» сыныбында «Қазақтың әншілік өнері» атты ашық сабақ өткізді.
**Сабақтың мақсаттары:** Қазақтың әншілік өнерінің тарихымен таныстыру.Оқушылардың өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту, топтық, жұптық, жеке тапсырмаларын орындау.Оқушыларды қазақтың әнші-дүлдүл әртіс қызметкерлерді құрметтеуге, өз елінің мәдениетін қадірлеуге тәрбиелеу.

**Бас жүлде:** Дауренова М. 4 «Б», Шефер Э. 3 «А», Нуркин Н. 2 «А», Клюй М. 2 «Б», Фогельзан Л. 4 «А».
**1 орын:** Дегтеренко И. 4 «А», Накудаидзе В. 2 «А», Назаренко Н. 4 «Б», Кузнецов М. 2 «В», Шмидт В. 2 «Г».
**2 орын:** Ходыкина Е. 2 «А», Стась М. 4 «Б»,
**3 орын:** Шишкин Е. 3 «А», Склярова У. 2 «Б», Маас К. 4 «А», Альжанова А. 2 «А».




4 ақпанда , Итемген А.Т 4 «А»сыныбында «Орманды аймақ» атты ашық сабақ өткізді.
**Сабақтың мақсаттары:** Мәтінді оқып,мағынасын түсінеді.Сөздердің қарама-қарсы мағынасын табады.Орманды аймақ туралы мәлімет оқиды.

Сабақ психиалогиялық ахуалмен басталды.Үй тапсырмасын «Аквариум» әдісі арқылы орындап,тапсырды.Сабақтың тақырыбы ребус шешу арқылы жасырынды.Балалар ребустың жауабын шешіп,тапты.Жаңа сөздерді бірге қайталап,сөздік дәптерге жазып алды.Кейін балалар тапсырмаларды орындауға кірісті.2-тапсырма бойынша,балалар қарсы мәндес сөздерді(антонимдер) тауып айтты.Сергіту сәтінде «Қазақша оюларды» қимылмен көрсетіп,сергіп алды.3-тапсырма бойынша орман туралы мәтінді оқып,тақырыптарды сәйкестендірді.5-тапсырмада фигураларды реттестіріп, «Орман біздің байлығымыз» сөйлемін құрады.Үй тапсырмасына жаңа сөздерді жаттау берілді.

Сабақ барысында тақырыпқа сай тыңдалым,оқылым,сөйлеу дағдығы бойынша суретті көрнекіліктер мен видео тапсырмалары орындалды.Сабақта қолданылған әдіс -тәсілдердің барлығы талапқа сай жүргізілді.Оқушылар әр тапсырманы қызығушылықпен орындады.Оқушылар сабақ соңында «Жеке куәлік» әдісі арқылы өз -өздерін бағалады. Кері байланыс пен бағалау да өзгеше түрде өткізілді өзгеше.



__**Инстаграммға сілтеме:**__




**Инстаграммға сілтеме:**
https://www.instagram.com/p/DFvGhmsMfT1/?img_index=1&igsh=MTQ3ajBreHUyZTM1cg==

6 ақпанда ,Тажина Н. С. 5 «В» сыныбында «Тәуелсіз елдің Астанасы» атты ашық сабақ өткізді.

**Сабақтың мақсаттары:** Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.Тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау.
Сабақ «Жүректен жүрекке» психиалогиялық ахуалмен басталды.Топтарға бөлу. Суреттер бойынша топқа бөліну.Өткен сабақтың тапсырмасын тексереді. Тапсырманы айтады, тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында Астана қаласыны туралы бейнебаян көрсетіледі. «Серпілген сауал» әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар қойылды.
Сабақ барысында тақырыпқа сай тыңдалым,оқылым,сөйлеу дағдығы бойынша суретті көрнекіліктер мен видео тапсырмаларды орындады.Сабақта қолданылған әдіс -тәсілдердің барлығы талапқа сай жүргізілді.Оқушылар әр тапсырманы қызығушылықпен орындады.Оқушылар сабақ соңында «Білім класс» әдісі арқылы өз -өздерін бағалады. Кері байланыс пен бағалау да өзгеше түрде өткізілді.



Оқу мақсаттары білім стандартына сәйкес құрылған. Сабақ барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізілді. Оқушылар тақырыпқа сай Әміре Қашаубаев және Роза Рымбаева деп екі топқа бөлінді. Оқушылар тақтадағы суреттер арқылы сабақтың тақырыбын болжады. Сабақтың мақсатын түсіндіріп, жаңа тақырыппен таныстырдым. Жаңа сөздерді аударып, қайталады. Әрі қарай оқушылар тыңдалым дағдысы бойынша мәтінді тыңдап берілген тапсырмалар бойынша топтық жұмысты орындады. Екі топ бірін-бірі бағалап, жұптық жұмысқа кірісті. Содан соң, жеке жұмыстар орындалды Айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдылары орындалды. Оқушылар әрекетін бағалау критерийлері арқылы бағалады. Әр оқушыда бағалау парағы болды, әр тапсырмадан кейін өздерін бағалап жалпы балл санын шығарды.

Сабақ барысында презентация, аудио, үлестірмелі карточкалар, оқулық, қолданылды. Топтағы әр берілген тапсырмаға уақыт қойылып отырды. Сабақ жоспары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылып, міндеттерді орындай арқылы, сабақ өз мақсатына жетті. Әр оқушының жұмысы бағаланып, үй жұмысы беріліп, кері байланыс жасалды.



**Инстаграммға сілтеме:**

https://www.instagram.com/reel/DFqK97LsDoM/?igsh=MWI1dmtxNnYwODRhYw==

5 ақпанда, Сәкен Сейфуллиннің 130- жылдығына орай 5, 6 сыныптар арасында ”Сәкен оқулары” атты мәнерлеп оқудан сайыс өткізілді.Жауаптылар:қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері,ұйымдастырып өткізген Жанибекова Б.Е.,Бейбітхан Е.Б.,Тажина Д.Б.

**Мақсаты:** Жас ұрпақтың еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен,Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту,ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

5 ”Б”сынып оқушысы Мукашева Аружан 1 орынға иеленді;

6 ”В”сынып оқушысы Киракосян Леана 2 орынға иеленді;

5 ”В”сынып оқушысы Бондаренко Александра 3 орынға ие болды.

7 ақпанда ,Жанибекова Б.Е. 10 «А» сыныбында «Қазақтың тұңғыш дикторы» атты ашық сабақ өткізді.
**Сабақтың басты мақсаттары**: Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету; сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану

Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттері ескеріліп, сабақтың әр кезеңінде қызығушылығын ояту, байланыстыра сөйлеу, сөздік қорын молайту көзделді.
Сабақта оқушыларға білім дайын түрде ұсынылмады, оны мұғалімнің басшылығымен өз беттерінше алу қажет болды.
Ішінара іздену арқылы берілген суреттер бойынша сабақтың
тақырыбын анықтап, өздері білген ақпаратпен байланыстыра отырып, жұппен, ұжыммен жұмыс (белсенділіктерін арттыру үшін), ойын элементтері (қызығушылығын, ойлау, есте сақтауын дамыту үшін
оқушылардың қызығушылығын арттыру барысында сабақтың әр кезеңінде әр түрлі - әдіс тәсілдермен өткізді.
Сабақтың әр кезеңдері, бір – бірімен байланысып, жүйелі қорытындыланып өз уақытында өтті.
Өз ойын жетік жеткізе алатын оқушылармен жекелеген жұмыс жүргізді, себебі ол оқушылар білімдік танымы жоғары деңгейдегі оқушылар . Ал білімділік дағдысы төмен, ойын жеткізуге қиналатын оқушыларға өз тарапымнан қолдау көрсетілді.
Сабақтың әрбір кезеңдерінен өткен сайын оқушылармен берген тапсырмаларға тез, дұрыс жауап беруге тырысып ұйымшылдыққа тәрбиеленді, белсенділіктері, қызығушылықтары артты.
Сабақ барысында тапсырмаларды орындау кезінде оқушылардың бір -бірімен ақылдаса жұмыс жасауы, ұйымшылдыққа, бір біріне сенім білдірулеріне, бір бірінің жауабын сыйластықпен тыңдауы басшылыққа алынды.
Сабақ бойы оқушылар берілген тапсырманы орындауда белсенділік көрсетті.. Жоспарлап келген жұмыс түрлері толығымен іске асты.





7 ақпанда, Каирбаева Д.Т.. 3 «А» сыныбында «Дина күй шертеді» атты ашық сабақ өткізді.
**Сабақтың мақсаттары:** Мұғалім көмегімен оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді.Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, тірек сөздерді қолданып, ауызша сөйлемдер құрайды.Оқыған мәтінді мазмұндайды, өзі білетін ақпаратымен бөліседі.

Оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттері ескеріліп, сабақтың әр кезеңінде қызығушылығын оятып, жаңа сөздерді байланыстыра сөйлеп, сөздік қорын молайтуды көздеді.

Оқушыларды топқа бөліп, өткен тақырыпты бекітіп ауызша, жазбаша талдау жұмысын жүргізді. Алға қойған мақсат біреу болғандықтан сабақты әр кезеңге жетелеп, әр түрлі әдіс-тәсілдермен, ойындар өткізді. Сабақ бойы оқушылар берілген тапсырманы орындауда белсенділік көрсетті..



7 ақпанда, Тажина Д.Б.. 3 «А» сыныбында «Абай ұлы ақын» атты ашық сабақ өткізді.
**Сабақтың мақсаттары:** Баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінеді;
белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсінеді және олардың ойын толықтыра алады.
Оқушылардың қабілеттері ескеріліп, сабақтың әр кезеңінде қызығушылығын оятып, жаңа сөздерді байланыстыра сөйлеп, сөздік қорын молайтуды көзделді.
Оқушыларды топқа бөліп, өткен тақырыпты бекітіп ауызшы, жазбаша талдау жұмысын жүргізді. Алға қойған мақсат біреу болғандықтан сабақты әр кезеңге жетелеп, әр түрлі әдіс тәсілдермен, ойындар өткізді. Сабақ бойы оқушылар берілген тапсырманы орындауда белсенділік көрсетті.





11 ақпанда, Есетова А.М. 11 «А» сыныбында «Ана құшағы» атты ашық сабақ өткізді.**Сабақтың мақсаттары:** Ана жайлы тамаша сөздер,әндер арқылы анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.
**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Жағымды эмоционалды орта мен көңіл-күйді қалыптастыру, оқушылардың зейінін алдағы іс-әрекетке аудару және оған деген қызығушылықты ояту. «Мені құшақта»ойыны арқылы оқушылар бір-біріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.
**2. Негізгі кезең.** Түсіндірме–иллюстрациялық және практикалық бөлімді қамтыды. Сабақтың негізгі кезеңіне дайындық бар білімді бекітуден жаңа материалды баяндауға бірқалыпты өтті. Презентацияны көрсету элементтерімен әңгімелесу оқушыларды

шығармашылық деген не, ол не үшін қажет және қайдан бастау алатыны туралы ойлауға жетеледі.

Сабақтың практикалық бөлігінде оқушыларды екі топқа бөлуге мүмкіндік беретін сараланған тәсіл қолданылды. Бұл тәсіл практикалық тапсырманы орындауға оқушылардың жан-жақтылығы мен ерекше қызығушылығын тудырды. Оқушылар берілген тақырыпты бекітіп, өздерінің шығармашылық қасиеттерін көрсете білді.

**3. Қорытынды кезең**.Сабақтың кезеңдері бір-бірімен тығыз байланысты, әр түрлі іс-әрекет түрлері кезектесіп отырды. Сабақ барысында келесі әдістерді қолдану арқылы әр баланың ойлау және шығармашылық іс-әрекеті белсендірілді: әңгімелесу, әңгімелеу, көрнекілік, өзіндік жұмыс әдісі. Оқушылар топтық,жұптық,жеке тапсырмаларды жақсы орындап,өз білгендерін көрсете алды.



11 ақпанда, 7-8 сыныптар арасында «XXI ғасыр- көшбасшысы» интеллектуалдық сайысы өткізілді. Осы ойында оқушылар өз дүниетанымын көрсете білді. Сұрақтар бірнеше пәннің материалынан құрастырылды. Қатысушылардың қызығушылығы мен бәсекелестігі жоғары болды. Нәтижесінде 8 "А" сынып оқушысы Герман Альбина - XXI ғасыр- көшбасшысы аттанып жүлделі болды, қалған ойыншылар белсенді қатысқан үшін грамота мен тәтті сыйлықтармен марапатталды.Жауаптылар:қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері Каримова Д.Д., Сейіл А.С., Есетова А.М.



**Инстаграммға сілтеме:**

https://www.instagram.com/reel/DGIkT2Esbnd/?igsh=eXdmMjRzeHIxbGlz

Қазақстанның қоғамдық тарихында абыройлы орын алатын, революционер – коммунист, қазақтың белгілі жазушысы, ақын, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі Сәкен Сейфуллиннің 130 жыл толуына орай 12 ақпанда, **«Қазақ әдебиетінің аксұңқары»** атты әдеби кеші өткізілді. Жауаптылар:қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері Тажина Н.С.,Аскарова А.К.,Каримова Д.Д.

**Кештің мақсаты:** Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси — қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.
Әдеби кеш әнұранмен ашылды.Шараға 9,10,11 сынып оқушылары қатысты.
Оқушылар Сәкен Сейфуллиннің өмірбаянын қысқаша жатқа айтып өтті.
Сондай -ақ ақынның өлеңдерінен үзінділер оқыды. «Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы» атты қойылымды сахналады.Әдеби кеш ақынның «Тау ішінде» әнімен аяқталды. Оқушылардың барлығы да бұл кешке өте белсенді қатысты.
Бұл апталық барысында түрлі іс-шаралар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастырылып, оқушылар өздерінің қазақ тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Мақтау грамоталары мен алғыс хаттар оқушылардың еңбегін бағалап, олардың тілге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізді. Қатысушылар өз өнерлерін ортаға салып, ұлттың бай мұрасын насихаттауға үлес қосты.

Кештің соңы оқушыларға,ұстаздарға деген алғыс сөздерімен ,соңында байқауларға белсенді қатысушыларды мадақтамалармен марапаттадық.
Қазақ тілі мен әдебиет онкүндігі бойынша жоспарланған, ойға алынған барлық іс-шаралар жақсы ойдағыдай өтті, деп ойлаймын.

**Ә/Б жетекшісі:** Кари… **Д.Д.Каримова**